ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 15 тамыз № 3310-24-00-2/1335 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты
құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.Қ.Батырбаева
хатшылықта К.С.Канафин отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алакөл ауданының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Alakol damu» жеке кәсіпкері – Айбек Ерғалиұлы Ахмадиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Жетісу облысы прокурорының көмекшісі С.Жабайханова
талап қоюшының өкілі Е.Енсебаев
жауапкер А.Е.Ахмадиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 17 сәуірде «Алакөл ауданының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) мен «Alakol damu» жеке кәсіпкері – Айбек Ерғалиұлы Ахмадиевтің (бұдан әрі – Жеке кәсіпкер) араларында 2024 жылғы 28 наурызда жарияланған № 11851940 ОК1 ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 32 шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағына сай, Жеке кәсіпкер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал Мекеме орындалған жұмысты қабылдауға және Жеке кәсіпкер шарт бойынша

міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Шарттың 3.2-тармағына сәйкес, оның жалпы сомасы 2 749 409 деңге деп келісілген.

Шарттың № 1 қосымшасына сай, Жеке кәсіпкер Алакөл ауданы, Достық ауылдық округінің Достық ауылында Жансүгіров көшесінің түнгі көше жарықтандыру құрылғыларын (көше шамдарын) ағымдағы жөндеу жұмыстарын шарт жасалған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде жүргізу тиіс.

Аталған жұмыстардың сипаттамасы – электрлік, электр таратушы / реттеуші жабдықтарды жөндеу / қалпына келтіру жұмыстары.

Шарттың 9.1 тармағына сай, ол қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоксанға дейін қолданылады.

84 482 теңге мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы Жеке кәсіпкермен 2024 жылғы 25 сәуірде енгізілген.

Мекеме сотқа жүгініп, нақтылаған талабында жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, портал арқылы оған 2024 жылғы 27 мамырда хабарлама жолданғанын, алайда нәтиже болмағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, қырық күнтізбелік күнге 109 960 тенгені құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жеке кәсіпкер сотқа жолдаған талап қоюға қарсы пікірінде қазіргі уақытта міндеттемелерді орындау үшін барлық материалдар сатып алынып, Шартты толық көлемде орындау үшін жұмыстардың атқарылуда екенін көрсеткен. Осыған орай соттан талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Е.Енсебаев талап қоюды қолдап, Жеке кәсіпкермен шарттық қатынастары 2024 жылғы 26 маусымда тоқтатылғандарын, сондықтан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер – «Alakol damu» жеке кәсіпкері – А.Е.Ахмадиев талап қоюды толық көлемде мойындап, өзін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танымауды сұрады.

Прокурор С.Ж.Жабайханова қорытындысында талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Батырбаева Ж. К., 22.08.2024

313-24-3-1/1381

сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, Жеке кәсіпкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді осы уақытқа дейін орындамаған, оны тараптар дауламай, жоққа шығарған жоқ.

Нәтижесінде 2024 жылғы 26 маусымда Шарт бір жақты бұзылған.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және Қазақстан Распубликасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сотта Жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамаудағы кінәсін жоққа шығармады, соның салдарынан Алакөл ауданы, Достық ауылдық округінің Достық ауылында Жансүгіров көшесінің түнгі көше жарықтандыру құрылғыларын (көше шамдарын) ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, яғни жауапкердің әрекеттерімен Мекемеге теріс салдар келтірілген.

Мекеме заңмен көзделген отыз күнтізбелік күн ішінде сотқа жүгінген.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Істің мұндай жағдайында, сот жауапкердің жеке кәсіпкер бола тұра, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты тәуекелдерді көтеруге тиіс екенін, Шарт бойынша міндеттемелердің орындамауын ескеріп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюдың бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Құжатқа қол қойылған: Батырбаева Ж. К., 22.08.2024

№ 2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышкор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Жеке кәсіпкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің орындау мерзімін қырық күнтізбелік күнге кешіктірілуіне жол берген.

Демек, бір күнге тұрақсыздық айыбының мөлшері 2 749 теңгені, ал қырық күнге – 109 960 теңгені құрайды.

АПК-нің 171-бабының 2-бөлігіне сай, жауапкердің талап коюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады.

Жауапкер сот отырысында талаптың бұл бөлігін мойындады.

АПК-нің 48-бабының 2-бөлігіне сәйкес, егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе қандай да біреудің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот жауапкердің талап коюды тануын қабылдамайды.

Жеке кәсіпкердің Шарт бойынша жұмыстарды орындамағанын мойындап, өзінен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаптың бөлігін мойындауы заңға қайшы келмейтінін, қандай да біреудің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын ескеріп, сот бұл әрекеттің қабылдануға жатады деп есептейді.

Осыған байланысты талаптың осы бөлігі деп қанағаттандырылуға жатады.

Іс бойынша ұсынылған дәлелдемедерді, олардың негізінде анықталған мән-жайлардың жиынтығында сот Мекеменің талабы толық көлемде қанағаттандыруды тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Батырбаева Ж. К., 22.08.2024

Талап қоюшы «Алакөл ауданының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Alakol damu» жеке кәсіпкері – Айбек Ергалиұлы Ахмадиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Alakol damu» жеке кәсіпкері – Айбек Ергалиұлы Ахмадиевтен мемлекет кірісіне 109 960 (бір жүз тоғыз мың тоғыз жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 3 299 (үш мың екі жүз тоқсан тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде келтіруге құқылы.

Ж. Батырбаева

Судья Ж. Батырбаева

Көшірмесі дұрыс

Судья Ж. Батырбаева

Анықтама

Шешім күшіне енді «___» _____ 2024 жылы енді

Судья Ж. Батырбаева